

Көркем прозадағы ырғақ.

Әбілов Алдажар.

филология ғылымының кандидаты.

Жылдар өтіп, уақыт ілгері озғанмен, замана көшінде күрделілене берер, жаңа қырынан көріне берер мәселелер бар десек, соның бірі – ырғақ, ырғақтылық, көркемөнердегі ырғақ мәселесі екені анық. ХХІ ғасыр табалдырығынан аттағанымызға жеті жылдан асса да, әдебиеттану ғылымында сан құпиялар ашылып, көркемөнер табиғатының сан түрлі мәселелері зерттеліп, ғылыми негізделіп, ой – пікірлер қорытылып, тұжырымдар жасалып жатса да қазақ прозасындағы ырғақ мәселесі туралы ғылыми тұжырым жасай алмай келе жатқанымыз да белгілі.

Кейде әріптестер тарапынан «Осы ырғақ дегеннің өзі не, қандай қажеттігі бар, оның көркем прозаға қатысы бар ма өзі?»- деген сауалдарға да кездесіп калып жүрміз. Ал біз оларға «Ырғақсыз өмір, тіршілік бар ма?» - дген қарсы сауал қоямыз. Жалпы айтар болсақ, ырғақ – табиғи құбылыс, жыл мезгілдерінің ауысып келуі, толқынның жағаға соғып қайтуы, адамның жүрісі, жүрек соғысы, тіпті бүкіл тіршілік өзіне тән ырғақтан тұрады. Сондықтан, ырғақ мәселесі көркемөнерге де қатысты, көркемөнердегі жаратылыс – қашан да көңіл - күй қатынасымен ғана жүзеге асатын бейнелі, образды, эмоциональды ұғымдар қорытпасы болса, онда көркем проза ырғақтан қалай тыс болмақ? Әрине, көркем прозаның да өз ырғағы болады. Тіпті дәрігер-ғалым М.Березкиннің «...биологиялық ырғақтар ақындардың, жазушылардың, композиторлардың, суретшілердің творчестволық белсенділігіне де көп әсерін тигізеді» [3.186] – деген пікіріне тереңірек ой жіберіп қарасақ, ырғақтың тек белгілі бір көркем туындыға ғана қатысы емес, суреткердің бүкіл шығармашылығына, оның шығармашылық даралығына қатысты зерттелуі қажет сияқты көрінеді. Орыс көркем прозасындағы ырғақтың маңыздылығын айта келіп, М.М.Гиршманнның: « оно основывается прежде всего на фундаментальной роли ритма в человеческом бытии и искусстве» –деуі [4.13] де бұл пікірді нығайта түседі. Мұндай жағдайда ырғақ мәселесі суреткердің күллі іс-әрекетімен және өмір жолымен, шығармашылығы және дүниетанымымен, шығармашылық лабораториясы және өзіндік ерекшеліктерімен тығыз байланыста қаралатындықтан, мұның бір емес, бірнеше зерттеу еңбекті қамтыры анық.

Әлем әдебиеттануында, оның ішінде орыс ғылымында көркем проза ырғағына қатысты еңбектер аз емес және бұл мәселенің күн тәртібіне қойылуы көптеген ғасырларды қамтыры да даусыз. Мәселен, проза ырғағына орыс ғалымдарының ХҮІІІ ғасырда айрықша ден қойғаны бізге белгілі және сол еңбектерден біздің байқарымыз – проза ырғағына байланысты пікірлердің түп ізі арғы замандардан басталатындығы. Біз проза ырғағына қатысты барлық пікірлерді тізбелемей - ақ, сол ХҮІІІ ғасырдағы және одан бергі тұстағы еңбектердің өзінен проза ырғағының әдебиеттанудағы өте күрделі мәселе екендігін аңғара аламыз. ХҮІІІ ғасырда орыс әдебиетінде Н.П.Николаевтың прозалық шығармаларды үтір, қос нүкте және нүктелер бойынша бөлген кезде, олардың метрикалық өлшеміннің хорей, ямб және т.б. түрлерін беретіндігі жөнінде жазуы, ХІХ ғасырда А.Белыйдың Гоголь, Пушкин, Толстой прозаларындағы үн екпіндерінің кезектестігіне негіздеп, проза мен поэзия байданысына назар аударуы және әр кезеңде Г.Шенгелийдің, Н.Бродскиидің, Н. Энгельгардттың, П.Г.Пустовойттың және т.б. тек бір ғана И.С.Тургенев шығармаларынан поэзияға тән түрлі сипаттарды табуы осыны көрсетеді. Осы сипаттық байланыс, прозалық шығармаларда поэзияға тән сипаттардың болуы қазақ әдебиетінен де тыс емес. Профессор С.Негімовтің « М.Әуезов прозасында поэзияға тән ырғақ үлгілері кездеседі » [б. 423 – 429] – деуі де біраз сырды аңғартқандай. Тіпті, басқасын айтпағанның өзінде академик Зейнолла Қабдоловтың « Абайдың шын мәніндегі жаңа пішін етіп қалыптастырған өлең өлшемдерінің бір алуаны түптеп келгенде өзге емес, өз әдебиетімізде – қазақ фольклорында – қазақтың байырғы мақалдары мен мәтелдерінде, жұмбақтары мен шешендік сөздерінде, жырлары мен

толғауларында жатыр » [5. 279.] – деуі де біздің жоғарыдағы ойымызды тиянақтай түседі. Иә, осы пікірді негізге ала отырып, ой түйер болсақ, шешендік сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді поэзияға тән деп ешкімнің де айта алмасы анық және бұл байланыстың да, бұл жалғастықтың да негізгі арқауы – ырғақ екендігі ақиқат

Сонымен, қай тілдегі көркем прозада да, яғни көркем проза қай тілде жазылса да онда өзіндік ырғақтардың болуы – табиғи заңдылық деген тұжырым жасаймыз. Ал, осы тұста әлемдегі барлық елдердегі көркем проза ырғағы бірдей ме деген де сұрақ тууы мүмкін. Орыс ғылымында проза ырғағы туралы монографиялық зерттеу жариялаған М.М.Гиришман «...Оговорка необходимая, ибо каждый язык в этом отношении своеобразен, и соответственно и ритм каждого свой. В русском языке речь может и должна идти о ритме тоническом, то есть о чередовании слогов ударных и неударных» [4 .7.] – дейді. Иә, әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі бар дейтін болсақ, онда әр ұлт әдебиетінің де өзіндік ырғаққа ие екендігі дәлелдеп жатуды қажет ете қоймасы анық. Соған орай қазақ прозасындағы ырғақ мәселесін сөз еткенде біз ең алдымен өзіндік шеберлікке ие ұлы суреткерлер шығармашылықтарын ауызға аларымыз да түсінікті жәйт. Ал осы тұста біз прозадағы ырғақ мәселесін тек сөйлемге, сөзге, дыбысқа ғана қатысты ғана қараймыз ба? Жоқ, бұл жақыннан, беріден қайту деген сөз, жоғарыда айтып өткеніміздей көркем проза ырғағын біз прозадағы көркемдіктің негізі ретінде қарастыруымыз қажет. Сонымен қатар, бір мақаланың көлемінде Ж.Аймауытов прозасындағы ырғақ мәселесін түгел қамтый алмасымыз да анық, және оның тек «Күнікейдің жазығы» атты повесіндегі ырғақ мәселесін қарап шығудың өзі үлкен бір еңбек болары да белгілі, соған орай, тек кей мәселелерді ғана жекелеп бөліп алсақ та жеткілікті болары даусыз әңгіме.

«Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен – жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шымқорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ ?

Әлсін - әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма еріні кезеріп Бетпақ кезіп кеткендей, кимешегі қолкылдап қуыршаққа тіккендей, сатпақ-сатпақ жастығы жастық емес кетпендей, сар төсек боп сарғайып – бұ жатқаның қай әйел ?...» [1.346.].

Жүсіпбек Аймауытовтың қаламы арқылы өмірге келген, дәл осылай басталған «Күнікейдің жазығы» повесінің алғашқы сөйлемінен – ақ жазушының ырғаққа, ішкі үнге ерекше мән бергенін аңғарасыз. М.Әуезов әңгімелерінде пейзаж ырғағына айрықша назар аударылса, Ж.Аймауытов повестері мен әңгімелерінде образ бен мінез сомдаудағы ырғақ айрықша рөлге ие. Жоғарыда мысал ретінде алынған үзіндінің ішкі ырғаққа құрылғанын, ұйқасқа толы екенін қарапайым оқырманның да аңғарары хақ. Бұл тұста ырғақтың жиілеуі ұйқасқа әкеледі де поэзияға тән өрнектер бой көрсетеді. Егер осы үзіндіне тармаққа ауыстырар болсақ кәдуілгі өлеңге барамыз, бастауын халық ауыз әдебиетінен алар қазақ өлеңінің табиғаты көз алдыға келеді.

Жаялықша жалпиған,
Жарқанатша қалқиған,
Жермен – жексен шым қора,
Бейнеуі жоқ сұм қора.
Шымқорада – жер үйде,
Желпіндірмес көр үйде,
Арса-арса болып сүйегі,
Қалақтай болып иегі,
Жаңқадай жоқ жақ еттен,
Саусақтары шілбиіп,
Көлеңкедей кілбиіп,
Бұ жатқан қай аруақ ?

Әлсін - әлсін демігіп,

Тық-тық еткен жөтелі
Өңменіннен өткендей,
Алма еріні кезеріп
Бетпақ кезіп кеткендей,
Кимешегі қолқылдап
Қуыршаққа тіккендей,
Сатпақ-сатпақ жастығы
Жастық емес кетпендей,
Сар төсек боп сарғайып –
Бұ жатқаның қай әйел ?...

Міне, көріп отырғанымыздай, прозалық үлгі поэзиялық үлгіге көшті. Ал мұның негізі, яғни екі үлгінің бір-біріне жақындығы – ырғаққа байланысты. Сонымен қатар осы үзінді тек повесть ырғағының ғана басы емес, бұл – ой ырғағының да басы екені даусыз. Көркем проза ырғағы сан қырлы өте күрделі мәселе болумен қатар, шығарма желісінде автордың не айтқысы келгеніне орай іс - әрекет пен қозғалыстың, бояу, айшықтың, фразалар үні мен ой екпінінің лезде өзгеруіне қатысты проза ырғағы да тез өзгергіш келеді. Алайда әңгіме мен повестің, не романның ырғақтары бірдей болмасы да ақиқат, яғни олардың өзіне тән ырғақтары болады. Әңгімеде айтылмақ ой бір, кейде екі, не үш ырғаққа ғана негізделсе, повестегі оқиғалар мен кейіпкерлер әрекеті ырғағы романдар ырғағына қарағанда жиі болатыны аңғарылады. Сайып келгенде, оқырманның кей шығармалар туралы «тартпады, қызықтырмады» деуінің өзі де сол шығармада қаламгердің негізгі үнді, негізгі ырғақты дәл табумен тығыз байланыста болмақ деген ойдамыз.

Повестере оқиғалардың жиілеуі, кейіпкер мінезін ашуға қатысты іс - әрекеттің көбеюі кейде қаламгердің шығарманы іштей бірнеше тараушаларға бөлуіне әсер етеді. Бұл бір жағынан оқиға, кейіпкерлер іс - әрекеті, шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселелерін іштей байланыстырушы болуымен қатар, екінші жағынан, шығармадағы ырғақ тұтастығының да кепілі. Ж.Аймауытов «Күнікейдің жазығы» атты повесіндегі «Күнікей ғой бұ жатқан», «Көшкенде», «Күн менікі», «Бас бәйгі Баймәндікі», «Өз есебі», «Ал сонда...», «Былай», «Соның артынан» және т.б. тараушалар аттары көрсетіп тұрғандай жеке-жеке оқиғаларға арналған. Әрқайсысының жеке – жеке өз ырғақтары бар, алайда солардың барлығы тақырыптары арқылы негізгі желіге, негізгі ырғаққа бірігеді. Повестен аңғарарымыз Ж.Аймауытовтің ырғақ мәселесін жетік игергендігі, бұған ерекше мән бергендігі. Өйткені ол көлемге көп жүк көтертпейді. Мәселен, «Бас бәйгі Баймәндікі», «Күн менікі» атты тараушалар бар болғаны үш жарым, төрт беттен тұрады. Автордың мұндағы айтылар ойды басқа тараушаларға да қосып жіберуіне мүмкіндігі бар еді, алайда ол ондай жағдайда ішкі ырғаққа нұқсан келерін білген, сөйткен де көлемі аздығына қарамастан бөлек тарауша жасап, ой ырғағының сақталуын қамтамасыз еткен.

Повестегі оқиға желісі негізінен авторлық баян мен бас кейіпкер Күнікей, оның шешесі Шекер бейнесі арқылы беріледі. Шекер мен Күнікейге қатысты жәйттердің, олардың іс-әрекеттерінің, ойларының, көзқарастарының кезектесіп беріліп отыруының өзі шығармаға ерекше ренк, яғни өзгеше ырғақ берген. Ал басқа кейіпкерлерге қарағанда Күнікей мен Шекер бейнесінің қос өрім болып қабат алынуы Күнікей басындағы тағдырдың шешесімен сабақтастығын аңғартып қана қоймайды, сол екеуі бейнелері, яғни образдары ырғағының да өзгелерге қарағанда жиі екендігін де көрсетеді. Бұл шешімнің кереметтігі – шығармада шешесі мен қызы басындағы тағдырды, оқиғаны кезектестіре, олардың көзқарас, түсініктерін қатар бере отырып, негізгі ой ырғағын автор осы образдар ырғағынан, Күнікей мен Шекер бейнесінің жасалуындағы ырғақтардан алуы, шығармадағы бүкіл оқиға арқауының, ой желісінің осы ырғақтар арқылы берілуі. Осы жәйт тұтаса келе, жинақтала келе шығарманың көркемдік қуатын жоғарлатып, жазушы шеберлігінің сырларынан хабар береді. Жалпы шығармада прозалық сипат пен поэзиялық үлгіге тән элементтердің қабат келуі – бізді бұл шығарма, не шығарманың кей тараушалары әу баста өлеңмен жазылмады ма екен – деген де ойға жетелейді. Алайда, бұл – творчество психологиясының зерттеу объектісі және өте

күрделі мәселе ғой. Сондықтан, Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесі ырғақтылығы өте жоғары және сол ырғақтылық – көркемдік бастар жол ретінде қызмет атқарған деген оймен тұжырым жасамақпыз.....

Көркем проза ырғағы орыс әдебиетінде біршама зерттелді десек те, мұның қазақ әдебиеттануында әлі ашыла алмай келе жатқаны белгілі. Бірді-екілі мақалаларды айтпағанда, қазақ прозасының ырғағына байланысты зерттеулер жоқтың қасы. Проза ырғағына қатысты жүргізген жұмыстарымыз мұның өте күрделі мәселе екенін көрсетіп отыр. Орыс ғылымында бұл мәселе көбіне-көп сөздер, дыбыстар, қайталамасы деңгейінде қаралып, тұтастай көркемдікпен байланысы зерттеле қойған жоқ. Осыған орай, біз мәселенің тек қана бір қырын, қазақ көркем прозасындағы ырғақ және жанр мәселесін әңгіме етпекпіз. Осы бір қыры деп отырғанымыздың өзі жан-жақты зерттеу жасар болсақ, үлкен-үлкен еңбектерге жүк болары анық.

Егер ырғақты жалпы алғанда тең өлшемдер бітімдерінің заңды түрдегі қайталамасы дейтін болсақ, ол поэзиядағыдай айқын да анық көрінбесе де, прозада аралық толастардың (пауза) және мағыналық бітімдердің артық - кем кезектесуінде ырғақ барлығы байқалады. Бұл ырғақтың бай-қалуы – оқырман сезіміне тікелей қатысты. Сондай - ақ, шығарма желісінде автордың не айтқысы келгеніне орай іс - әрекет пен қозғалыстың, бояу, айшықтың , фразалар үні мен ой екпінінің өзгеруіне қатысты проза ырғағы да өзгергіш. Міне, бұл жәйттер оның нәзік қыр-ларының мол екенін аңғартады. Оның сюжет пен композицияға қатыстылығы, сөздің, сөз тіркесінің, сөйлемнің, абзацтың, бөлімнің, тараулардың өзіндік ырғақтары барлығы, образдар ырғағы мен пейзажға қатысты ырғақтардың болуы, тіпті тіл дыбыстарының да ырғақ туғызуға әсері болуы көркем прозадағы ырғақтың күрделілігін көрсетсе, аллитерация, ішкі ұйқас, ой екпіні, ассонанс, инверсия, сөздер қайтамалылығы мен қосарламалылығы, одағайлар, қыстырмалар мен қаратпа сөздердің, парцелляцияның және т.б. прозалық шығармада ырғаққа қатыстылығы оның сан қырлылығын көрсетеді.

Бұл мәселеге қатысты Ғабит Мүсірепов шығармашылығын сөз етер болсақ, оның ырғаққа, үндестікке айрықша мән бергенін байқаймыз. Бұл әсіресе оның «Кездеспей кеткен бір бейне» атты повесінен анық аңғарылады. Прозалық шығармалардың барлығында да ырғақ пен үндестіктің көркемдік кілті болуын негізгі өзек етіп ұстайтын Ғ.Мүсірепов біз әңгіме желісі етіп отырған повесінде прозалық шығармаларды өмірге әкелудегі ырғақтылықтың жоғары деңгейіне барады. Осы ырғақтылықтың үндестіктің тұтас күйі мен әрбір жеке бөлігіндегі тамыр соғысы автордың жүрек соғысын, сезім қуатын танытқандай.

Ғабит Мүсірепов көркем әдебиеттегі ырғақ мәселесін арнайы зерттемесе де, жетік білгені анық. Бұған басқасын айтпағанның өзінде оның жоғарыда атап өткен прозалық шығармасын повесть демей, поэма деп көрсетуінің өзі нақты дәлел бола алады. Осы орайда ол шығарма-дағы үндестіктің молдығын, ырғақтың жиілігін негізге алған болуы керек деп ойлаймыз.

Автор өзі іздеген қажетті ырғақты, керекті үнді мүлт кетпей, дәл тауып отырған. Өзіңе қажетті үнді, керекті ырғақты дәл табу - өмір мәні дегенді автор кейде өз кейіпкері арқылы да жеткізеді. Мысал ретінде повестегі мына бір үзіндіні айта өтейік.

«...Қазір Еркебұлан сол ақ отаудың төрінде жалғыз отыр. Майда қоңыр домбыра тартатыны бар екен. Безілдетпей, бездірмей, шертіп тартып отыр. Өн мен күйдің сыртқы алау - жалауын көп көтермей, ішке бір нәзік сырларын толғандырады. Кейде ән де емес, күй де емес, бұлақтың сылдырындай, кешкі самалдың лебіндей бір нәзік үндерді қайталап - қайталап сыбырайды да, ыңыранған қоңыр әуенге ауысады. Мөлдір таза, ерке әуендерден әлденені іздейтін тәрізді. Таба алмай жүргені бар екені байқалады. Өзі де түсінбейтін бір қағыстар, сазды бір үндер...» (3.12). Бұл үзіндіден аңғарарымыз - автордың өз кейіпкерімен үндесіп кеткендігі.

Шығармадағы ырғақты бейне теңіз толқыны дерсің. Бірін - бірі қуалап келеді де, бір сәт аспанға көбік атады. Бұл тұста ырғақтар жиілеп кетеді. Мысалы: «Жиырма төрт жасқа

жаңа ғана шыққан жас ақын Еркебұлан айналасы үш - төрт айдың ішінде ел ойында қандай биікке көтеріліп кеткенін өзі әлі сезінген жоқ еді. Бұл кезде саяси айқастарға құлағы түрік отыратын жұрт қала жақтан келетін хабарларды азды-көпті көтеріп те әкеткен, өзгертіп те әкеткен... » (3.6). (Бұдан кейін кездесетін курсив пен сөздің астын сызу – біздікі) Немесе:

«Кейде ақынның балалығына тан қаларсың, кейде ақынның даналығына тан қаларсың. Ақын – қыран - қияға да қонады, ақын - адам, далаға да қонады. Ақын бойын да жасыра алмайды, ойып да жасыра алмайды. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады, емі көп. Ақын жүрегіне кек тұрмайды. Кек тұрса қақ тұрғаны. Қақ тұрған жүрек - тот басқан асыл, енді одан берекелі үн шықпайды. Ақын - заман, бір күндік те емес, бүгіндік те емес. Оның кешегісі - бүгіндік, бүгінгісі – ергендік. Ақын бойына адамгершілік қана жарасады. Екеуінің біріне ақау түссе, алдымен ақындық өледі... Бұл - Еркебұлан сөзі. Бұл - Еркебұлан мінезі...» (3.26).

Бұл үзінділер повесттің жалпы ырғақтық құрылысынан хабар берсе, шығармадағы негізгі ырғаққа әкелетін түрлі майда, кіші ырғақтар да өзіндік жарасыммен көркемдікке қызмет еткен. Мәселен, түйдектеле айтылған ой, қайталанған сөздер, буындар ұйқасы жоғарыда берілген үзінділерден аңғарғанымыздай ырғаққа алып келсе, парцелляцияға жақын бару арқылы ырғақ тудыру төмендегіше көрінеді:

«Сайып келгенде жас ақынның атағын көтеріп әкеткен осы оқиғалар екені рас. Ұлы төңкерістің кейде түгінін, кейде жалынын көзі шалып қалатын дала халқы ардақты ақынын сол от-жалынның ішінде көретін. Ақын өлеңдеріндегі асқақ тенеулерді байырғы ел қаз-қалпында ұғынады. Дауыл...өрт...От ішінде қанатын жалын шалмайтын қызыл сұңқарлар, қияға тартқан қырандардың сермей қаққан қанаттарынан туғандай сезіледі.»(3.6) Ал, ырғақтылық теңеумен тұғасқанда ерекше құлпырып, айшықтана түседі: « ...от басында күл шашып, күпілдеген көпірме, жетер енді, жетер!» (3.8)

Ғабит Мүсіреповтің осы повесіне қатысты ырғақ мәселесінің күрделілігіне дау жоқ. Сонымен қатар, повесть пен ырғақ байланысына қатысты барлық мәселені бір мақаланың көлемінде түгелдеп бере алмасымыз белгілі. Енді келесі шығарманы салыстыра қаралық. Мұнда да ырғақтылық өте жоғары. Ол З.Қабдоловтың 1997 жылы « Санат» баспасынан шыққан «Менің Әуезовім» атты роман – эссесі.

« Бәсе, қамаудан құтылып, бұғаудан босана алмасын білген асаудың амалы құрып, айласы біткен жердегі ақырғы бұлқынуы, жан ұшыруы, тұяқ серпері екен. Жағыпар тойына жиналған дүйім жұртты таң – тамаша қалдырып Мағауияның Камиласы бір күннің ішінде кісі танымастай өзгеріп шыға келді. Бұған «кінәлі» әрине Мұхтар; Мұхтардың тойға келуі, келе сала көзімен де, көңілімен де Кәмешті іздеуі; сондай – ақ, Кәмештің сағындырған таныс – бейтанысын көруі және « тәңірі қосқан жар болса да, жар ете алмай кететін » осы жігітті дәл осы көруі – соңғы көру екенін көкірегі қарс айрыла қан қақсап, өкіне өксіп сезінуі...» [3 . 210]

Ырғаққа қатысты қазақ әдебиеттануында пікір айтушы ғалымдардың алғашқы легіндегі З. Қабдолов мұны айрықша назарға ала отырып, жоғарыда айтып отырған шығармада тіпті бір сөйлемнің өзіне бүкіл тұтас тараулар, бөлімдер көтерер жүкті артып, бөлек ырғақ жасайды да, сол ырғақты өзге бөлім, тараулар ырғағымен шебер қиюластырады. Сонымен қатар осы шешім ой ырғағын да көрсетеді. Мәселен, романға барар жол атты бөлім осындай ырғақтарға толы.

« Мұхтар Омарханұлы Әуезов» [3.7.], Мен бұл тақырыпқа кітап жазбақшы болып толғанғаным қашан! [3. 7]., Талант – еңбек! [3 . 7.], Шыңғыстың өзі көзіне сыйып тұр. Ғажап! [3.8.]. Сол сияқты бірінші бөлімдегі «Осының өзі өнім бе, түсім бе?» [3. 17.], «Былай болды» [43. 17.] және т.б.

Екі шығарманың екеуі де мемлекеттік сыйлық алған құндылықтар. Екі шығарманың да ырғақтылығы өте жоғары. Прозалық шығарма болғанына қарамастан Ғ.Мүсірепов өз повесін поэма деп атаса , З.Қабдолов өз шығармасын роман-эссе деп атайды. Бұл көркем проза ырғағының жанр анықтаушылық қызметін көрсетеді.

повесін поэма деп атаса , З.Қабдолов өз шығармасын роман-эссе деп атайды. Бұл көркем проза ырғағының жанр анықтаушылық қызметін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы;Жазушы,1989
- 2.Әуезов М. Таңдамалы шығармалар 6 томдық. II – том. Алматы; ҚМКӘБ, 1958.
- 3.Березкин М. Биологиялық ырғақтар жайында//Сөзстан, 7-кітап. Алматы. Жалын, 1986ж
- 4.Гиршман М.М Ритм художественной прозы Москва; Сов. п, 1982
5. Қабдолов З Сөз өнері . Алматы; Мектеп, 1976
6. Негимов С. Әсем ырғақтар // Мұхтар Әуезов тағлымы. Алматы;Жазушы,1987
5. Пустовойт П.Г. И.С.Тургенев – художник слова . Москва; Изд.МГУ,1980

Summary

This article describes that the Kazakh prose has a rhythm and the rhythm influences the nature and its novel.

Резюме

В этой статье говорится о том , что в казахской прозе существует рифма и она влияет на характер и беллетрист.

Özet

Bu makale Kazak nesrindeki ritimleri incelemektedir. Bu ritim nesrin karakterine ve romanlara tesir etmektedir.

Ана тіліміз барлық еркелігімізді көтере береді деп не жер баса алмай, не көкке ұша алмай қалғандарымыз да жолығады. Ана тілін құрметтемеу – ештемені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек. Жастар біздің болашағымыз. Қатты айтып отырғанымыз сондықтан.

Ғ. Мұстафин
